



Sportmaster Клуб бағдарламасының ережелері

1. Жалпы ақпарат

1.1. Sportmaster Клуб бағдарламасы Қазақстан Республикасының аумағында барлық Sportmaster, Sportmaster-ДИСКОНТ дүкендерінде және sportmaster.kz интернет-дүкенінде әрекет етеді.

1.2. Осы ереженің талаптарына сәйкес сауалнаманы толтырған және Клуб Картасын (қалауы бойынша) алған 18 жасқа толған кез келген жеке тұлға КБ мүшесі бола алады.

1.3. Sportmaster Клуб бағдарламасына қатысу үшін келесі әдістердің бірі арқылы қатысушы ретінде тіркелу қажет:

1.3.1. Sportmaster, Sportmaster-ДИСКОНТ дүкенінен кез келген сомаға сатып алым жасау, Клуб бағдарламасы Қатысушысының сауалнамасын толтыру және Клуб картасын алу (Клуб картасы тегін беріледі).

1.3.2. Клуб бағдарламасы қатысушысы ретінде sportmaster.kz сайтында немесе Sportmaster маркетингтік акцияларына арналған сайттарда тіркелу. Бұл тіркеу әдісі үшін сатып алым жасаудың қажеті жоқ. Тіркеу аяқталғаннан кейін Клиент Клуб картасын алмай (SMS-авторизацияның көмегімен) Клуб бағдарламасына қатыса алады немесе кез келген Sportmaster дүкенінде Клуб картасын ала алады.

1.3.3. Клуб бағдарламасы Қатысушысы сауалнамасын толтыру және Sportmaster маркетингтік акцияларының аясында промоутерден Клуб картасын алу.

1.4. Клуб бағдарламасы қатысушылары Sportmaster компаниясынан артықшылықтарға ие болады: тауарларға жеңілдіктер, сервистік қызметтерді көрсетудің арнайы шарттары, қосымша ақпараттық қызметтер. Ұсынылатын артықшылықтардың көлемі Клиент қол жеткізген Клуб бағдарламасына Қатысу деңгейіне байланысты (3-тармақ) болады.

1.5. Sportmaster Клуб бағдарламасының әрбір қатысушысына жеке Бонустық шот құрылады. Сатып алым жасау және Sportmaster акцияларына қатысу арқылы қатысушы Бонустар жинайды. Бонус – болашақ сатып алымға жеңілдікті есепке алу бірлігі. Бонустармен 1 Бонус = 1 теңге бағамы бойынша келесі сатып алымның бір бөлігін төлеуге болады. Жеңілдік төлеуге жататын тауар құнының 30%-нан аспауы мүмкін.

1.6. Бонус шотына Бонустарды жинақтау барлық Sportmaster, Sportmaster-ДИСКОНТ дүкендерінде және sportmaster.kz интернет-дүкенінде қолжетімді.

1.7. Тауарларды Бонустармен төлеу барлық Sportmaster дүкендерінде және sportmaster.kz интернет-дүкенінде қолжетімді. Sportmaster-ДИСКОНТ дүкендерінде тауарлар үшін бонустар бойынша төлем жүргізілмейді.

2. Клуб бағдарламасында авторизация жасаудың әдістері

2.1. Клуб бағдарламасы бойынша Бонустарды жұмсау үшін қатысушы сәйкестендіруден өту керек. Сәйкестендіру келесі жолдармен жүзеге асырылады:

- Клуб картасын ұсыну арқылы (2.2.-тармақ),
- SMS-авторизация арқылы (2.4.-тармақ),

Клуб бағдарламасы бойынша Бонустарды жинақтау үшін сәйкестендірудің қосымша әдістерін қолдануға рұқсат етіледі:

- Дүкеннің кассиріне немесе интернет-дүкеннің менеджеріне ұялы телефон нөмірін хабарлау;
- сайтта ұялы телефон нөмірін немесе Клуб картасының нөмірін енгізу.

2.2. Клуб картасы келесі жағдайларда беріледі:

2.2.1 Клуб бағдарламасының жаңа қатысушылары үшін Клуб картасы Сауалнама толтырылғаннан кейін және Sportmaster, Sportmaster-Дисконт дүкенінен кез келген сомаға сатып алым жасалғаннан кейін беріледі.

2.2.2 Sportmaster.kz сайтында Клуб бағдарламасына тіркелген қатысушыларға Клуб картасы қалау бойынша кез келген Sportmaster немесе Sportmaster-ДИСКОНТ дүкенінде беріледі. Сатып алым жасау талап етілмейді.

2.2.3 Sportmaster маркетингтік акциялары аясында Клуб бағдарламасы Қатысушысының сауалнамасын толтыру кезінде беріледі.

2.2.4 Клуб картасы жоғалған жағдайда (6.1 тармағына сәйкес) беріледі.

2.3 SMS-авторизация қызметі Sportmaster Клуб бағдарламасының қатысушыларына Клуб картасынан Бонустарды пайдалануға және ұялы телефон арқылы авторизация негізінде (Клуб картасын ұсынбай) ағымдағы сатып алым үшін Клуб картасына Бонустар алуға мүмкіндік береді.

2.3.1 Қызметті ҚР аумағындағы барлық Sportmaster дүкендерінде және sportmaster.kz интернет-дүкенінде пайдалануға болады.

2.3.2 Sportmaster Клуб бағдарламасының қатысушыларына қызмет тегін ұсынылады.

2.3.3 Қызмет Клуб бағдарламасының қатысушыларына келесі жағдайларда қолжетімді болады:

2.3.3.1. Клуб бағдарламасы қатысушысының сауалнамасын толтыру кезінде және Sportmaster маркетингтік акциялары шеңберінде дүкенде немесе промоутерден Клуб картасын алу кезінде - сауалнама дұрыс толтырылған жағдайда Клуб картасын алған күннен бастап үш ай ішінде,

2.3.3.2. Клуб бағдарламасы қатысушысын sportmaster.kz сайтында немесе Sportmaster маркетингтік акцияларына арналған сайттарда тіркеу кезінде – тіркелгеннен кейін келесі күні.

2.3.4. SMS-авторизация қызметін пайдалану үшін Клуб бағдарламасы қатысушысына келесі әрекеттерді жасау қажет:

2.3.4.1. Клуб картасын алу кезінде сауалнамада көрсеткен ұялы телефоны қолында болуы керек,

2.3.4.2. сатып алым жасалған кезде кассирге Клуб картасын алу кезінде сауалнамада көрсеткен ұялы телефон нөмірін хабарлау,

2.3.4.3. көрсетілген телефонға растау коды бар SMS алғаннан кейін, коды кассирге хабарлау.

Жоғарыда көрсетілген әрекеттерді сәтті орындағаннан кейін Клуб бағдарламасының қатысушысы Клуб картасынан Бонустарды пайдалану және ағымдағы сатып алым үшін Бонустар алу мүмкіндігіне ие болады. Бонустарды есептеу және пайдалану шарттары Sportmaster Клуб бағдарламасының жалпы шарттарымен анықталады және сатып алу кезінде Клуб картасы немесе SMS-авторизация пайдаланылғанына байланысты емес.

2.3.5. Бір растау кодын тек бір сатып алу үшін пайдалануға болады. SMS-авторизация процесі әрбір сатып алу үшін бөлек жүзеге асырылуы керек.

2.3.6. Интернет арнасында ақаулар болған жағдайда және сигнал деңгейі төмен/ұялы желілердің жоғары жүктемесі жағдайында қызмет уақытша қолжетімсіз болуы мүмкін.

3. Клуб бағдарламасына қатысу деңгейлері және Клуб картасының түрлері

3.1. Клиенттер Жинақталған сатып алу сомасына байланысты Клуб бағдарламасына Қатысу деңгейлеріне бөлінеді. Жинақталған сатып алу сомасы — КБ Қатысушысы КК және SMS-авторизацияны пайдалана отырып жүзеге асырған және Клиенттің өз қаражаты есебінен төлеген сатып алу сомасы (Бонустармен төленген сатып алу құны жинақталған сатып алу сомасына кірмейді). Жинақталған сатып алу сомасын есепке алу теңгемен жүргізіледі және КБ Қатысушыларын жаңа Қатысу деңгейлеріне ауыстыру үшін пайдаланылады.

3.2. Клуб бағдарламасының Қатысушысына берілетін үш Қатысу деңгейі және Клуб карталарының сәйкес түрлері бар:

Қатысу деңгейі	Карта түрлері	Жинақталған сатып алу сомасы
Стандарт		1-ден 75 000 ₸-ге дейін
Күміс		75 001-ден 750 000 ₸-ге дейін
Алтын		750 000 ₸-ден жоғары

3.3. Жинақталған сатып алу сомасы жоғарырақ Қатысу деңгейіне сәйкес келетін шекті мәннен асып кетсе, КБ Қатысушысына Артықшылықтарды беру, Клуб картасының жаңа үлгідегі Клуб картасына ауыстырылғанына қарамастан, КБ-на Қатысудың жаңа деңгейінің шарттарына сәйкес жүзеге асырылады. КБ қатысушысы Клуб картасын жаңа үлгідегі Клуб картасына кез келген Sportmaster дүкенінде айырбастай алады, жинақталған сатып алу сомасы мен жинақталған Бонустар жаңа Клуб картасына аударылады.

3.4. Клуб бағдарламасының қатысушыларына Клуб картасының түріне қарай келесі артықшылықтар беріледі:

Клуб бағдарламасына қатысу деңгейі	Стандарт	Күміс	Алтын
Карта түрлері			
Жинақталған сатып алу сомасы	1–75 000 ₸	75 001–750 000 ₸	750 000 ₸-ден жоғары
Әрбір толық 5 000 сатып алу үшін Кешбэк Бонустарды есептеу мөлшерлемесі	250	350	500
Бонустарды Бонустық шотқа түсіру және бөлшек сауда желісіндегі сатып алудың бір бөлігін Бонустармен төлеу	+	+	+
Қосымша Ақпараттық Қызметтер (sportmaster.kz сайтындағы жеке кабинет, SMS және e-mail арқылы хабарлау)	+	+	+
Бөлшек сауда желісінде ұсынылған тауарларға арналған Арнайы ұсыныстар	+	+	+
Тауарды 1 күнге резервтеу	+	+	+
Анықтамалық қызметтегі арнайы желі 8 (800) 080-33-33	-	-	+
Тауарға қосымша кепілдік мерзім	-	+30 күн	+60 күн
Тауарды ауыстыру	14 күн	1 ай	2 ай
Бөлшек сауда дүкендерінде төленетін Сервистік қызметтер құнының бір бөлігін Бонустармен қайтару (жеткізу қызметтерін қоспағанда), %	20	50	100
Туған Күнге сыйлық ретінде Арнайы бонустар	2 500	5 000	10 000

4. Бонус түрлері, оларды есептеу және пайдалану шарттары

4.1. Клуб бағдарламасының әрекет ету шеңберінде Клуб картасына Бонустар аударылады, оларды Sportmaster дүкендерінде келесі сатып алым жасау кезінде пайдалануға болады.

4.2. Бонустардың 2 түрі бар, олар есептеу және пайдалану жағынан ерекшеленеді:

- **Кешбэк Бонустар** әрқашан Клуб бағдарламасының бекітілген ережелеріне сәйкес Sportmaster дүкендерінен сатып алу үшін беріледі.
- **Промо Бонустар** маркетингтік акциялардың шарттарына сәйкес келетін сатып алу үшін, КБ қатысушыларының қосымша әрекеттері үшін немесе Sportmaster компаниясының бастамасы бойынша КБ қатысушысына қосымша артықшылық ретінде тұрақты Бонустарға қосымша беріледі.

Бонус түрлері	Есептеу шарттары	Тауарларға төлем жасау мүмкіндіктері	Бонустардың әрекет ету кезеңі		
Кешбэк Бонустар	Sportmaster дүкендерінде жеңілдігі бар тауарларды қоспағанда, кез келген тауарды сатып алу үшін Бонустар беріледі. Sportmaster-ДИСКОНТ дүкендерінде Бонустар кез келген тауарларды, соның ішінде жеңілдігі бар тауарларды да сатып алу үшін беріледі. Бонустар әрбір толық 5000 теңге сатып алу үшін беріледі. Аударылатын Бонустар сомасы Клуб бағдарламасына қатысу деңгейімен анықталады:		Sportmaster дүкендеріндегі кез келген тауарлардың (Сыйлық баға» тауарларын және Sportmaster-ДИСКОНТ дүкендеріндегі тауарларды қоспағанда) және Sportmaster дүкендерінде төленген Сервистік қызметтер (жеткізу қызметтерін қоспағанда) құнының 30%-ға дейінгі құнын Бонустармен бір рет төлеуге болады. Бонустармен төлеу кезінде жалпы жеңілдік (бағалықта көрсетілген бөлшек сауда жеңілдігін, басқа промоакциялар бойынша жеңілдіктерді және Бонустық жеңілдікті ескере отырып) тауардың жалпы құнының 50%-нан аспауы керек.	Картаға аудару: сатып алғаннан кейін 1 күн ішінде (дүкендегі Интернет-канал ақауларына байланысты кешігуі мүмкін). Кешбэк Бонустар аударылған сәттен бастап 180 күн ішінде жарамды. Егер осы 180 күн ішінде сіз Sportmaster дүкендерінде тағы бір сатып алу жасасаңыз, онда кешбэк бонустардың әрекет ету мерзімі тағы 180 күнге ұзартылады. Олай болмаған жағдайда, кешбэк бонустар күйіп кетеді. Бұл ретте Жинақталған сатып алу сомасы сақталады. Промо бонустардың әрекет ету мерзімі тиісті акцияның сипаттамасында көрсетіледі.	
	Қатысу деңгейі	Карта түрі			5000 теңгелік сатып алу үшін аударылатын Бонустар сомасы
	Стандарт	Көк 			250
	Күміс	Күміс 			350
	Алтын	Алтын 			500
Промо Бонустар	Промо Бонустарды есептеу шарттары Sportmaster-дің сәйкес маркетингтік акцияларының шарттарымен анықталады. Промо Бонустар акция шарттарына (мысалы, сатып алу уақыты, сатып алу сомасы, сатып алынған тауарлар, сатып алу жасалған дүкен бойынша қосымша шарттар болуы мүмкін) сәйкес келетін сатып алу үшін де, Клуб бағдарламасы аясындағы белгілі бір әрекеттер үшін де (сауалнама толтыру, жаңалықтарға жазылу және т.б.) берілуі мүмкін. Бұдан бөлек, Промо Бонустар Sportmaster компаниясының шешімі бойынша		Тауарларды Промо Бонустармен төлеу шарттары акция шарттарымен анықталады. Көп жағдайда сатып алуды Промо Бонустармен	Промо Бонустардың аударылу және әрекет ету кезеңі тиісті Акция шарттарымен анықталады. Әдетте, Промо Бонустардың әрекет ету мерзімі 1 аптадан 1 айға дейінгі кезеңді құрайды.	

	Клуб бағдарламасының қатысушысына қосымша артықшылық ретінде аударылуы мүмкін.	төлеу шарттары сатып алуды Кешбэк Бонустармен төлеу шарттарына ұқсас. Кейбір акциялар шеңберінде Промо Бонустармен төлеуге болатын тауарларға және төлем жасауға болатын дүкендерге қосымша шектеулер болуы мүмкін. Бонустармен төлеу кезінде жалпы жеңілдік (бағалықта көрсетілген бөлшек сауда жеңілдігін, басқа промоакциялар бойынша жеңілдіктерді және Бонустық жеңілдікті ескере отырып) тауардың жалпы құнының 50%-нан аспауы керек.	
--	---	--	--

4.3. Тауарды Бонустармен төлеу кезінде:

- Бір Бонус бір теңгеге тең.
- Төлеуге қабылданатын Бонустардың ең аз саны — 1.
- Есептеулер кезінде Бонустар саны 1-ге еселенген.

Бонустармен төлеу кезінде жалпы жеңілдік (бағалықта көрсетілген бөлшек сауда жеңілдігін, басқа промоакциялар бойынша жеңілдіктерді және Бонустық жеңілдікті ескере отырып) **тауардың жалпы құнының 50%-нан аспауы керек.**

4.4. Тауар қайтарылған жағдайда Клуб картасының иесіне төленген ақша қайтарылады; жұмсалған Бонустар Клиенттің Бонустық шотына қайтарылады; сатып алу үшін есептелген Бонустар жойылады. Сатып алудың бір бөлігін қайтару кезінде пайдаланылған Бонустар қайтару сомасына пропорционалды түрде қалпына келтіріледі.

5. Клуб бағдарламасы қатысушыларына ақпараттық қызмет

5.1. Sportmaster Клуб бағдарламасының қатысушылары Sportmaster компаниясынан электр байланысы желілері мен пошталық байланыс арқылы (соның ішінде, бірақ олармен шектелмей: SMS-хабарламалар, e-mail-хабарламалар) арнайы ұсыныстар, жаңа тауарлар мен жарнамалық акциялар туралы ақпарат алуға және оларға арнайы ұсыныстарды, жаңа тауарлар мен жарнамалық акциялар туралы ақпаратты жіберуді ұйымдастыру, олардың сұраныстары мен өтініштерін өңдеу мақсатында, автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып, жинау, тіркеу, жүйелеу, жинақтау, сақтау, нақтылау, алу, пайдалану арқылы олардың жеке деректерін өңдеуге, оның ішінде ақпараттық және телекоммуникациялық желілерде немесе мұндай құралдарды пайдаланбай жүзеге асыруға келісімін растайды:

- Sportmaster дүкенінде сауалнаманы толтыру арқылы;

5.2. Sportmaster компаниясынан ақпарат алуға келісімін растаған Sportmaster Клуб бағдарламасының қатысушылары келесі мазмұндағы ақпаратты электр байланысы желілері және пошталық байланыс арқылы алады (соның ішінде, бірақ олармен шектелмей: SMS-хабарламалар, e-mail-хабарламалар, телефония, Интернет желісі және мобильді құрылғылар):

- Sportmaster дүкендерінде және sportmaster.kz интернет-дүкенінде сатып алуға болатын арнайы ұсыныстар, акциялар және тауарлар туралы жарнамалық сипаттағы ақпарат;
- Sportmaster Клуб бағдарламасы туралы ақпарат;
- Sportmaster Клуб бағдарламасы Қатысушысының Клуб картасындағы Бонустардың сомасы мен әрекет ету мерзімі туралы ақпарат;
- Sportmaster Клуб бағдарламасы қатысушысының сұраныстары мен өтініштерін өңдеу нәтижелері туралы ақпарат;

Ақпаратты жіберу жиілігін Sportmaster компаниясы анықтайды.

5.3. Sportmaster Клуб бағдарламасының қатысушылары Sportmaster-дің Анықтамалық қызметіне **8-800-080-33-33** нөмірі арқылы тегін хабарласа отырып, Sportmaster компаниясынан ақпарат алудан бас тарта алады. Ақпаратты алудан бас тарту үшін Клуб картасының нөмірін немесе жазылым ресімделген мобильді телефон нөмірін/email мекенжайын көрсету керек.

6. Басқа шарттар

6.1. Клуб картасын жоғалтқан жағдайда, қатысушы SMS-авторизацияны пайдалана отырып, Картасыз Клуб бағдарламасының артықшылықтарын пайдалануды жалғастыра алады (2.4. -тармақ). SMS-авторизация сәтті болғанда, Sportmaster дүкенінде клиенттің қалауы бойынша оған жоғалған картаның орнына пластикалық Клуб картасы берілуі мүмкін. Егер SMS-авторизация мүмкін болмаса, клиент жеке басын куәландыратын құжатты (Клуб картасын көрсете отырып сатып алу жасалынған чектің болғаны дұрыс) ұсынған кезде жаңа Клуб картасы берілуі мүмкін. Жоғалған Клуб картасы бұғатталады, жоғалған картада жинақталған сатып алудың жалпы сомасы мен Бонустар жаңасына ауыстырылады. Паспортта көрсетілген деректер Сауалнамада көрсетілген деректерге сәйкес келмесе, Клуб картасы қалпына келтірілмейді.

6.2. Клуб картасы ұрланған және жоғалған жағдайда «Спортмастер Қазақстан» ЖШС картаны бұғаттау үшін бірыңғай Байланыс орталығына дереу хабарласуды ұсынады: 8-800-080-33-33, қоңырау шалу тегін. Жоғалған/ұрланған картадағы бонустар карта бұғатталғанға дейін жұмсалған болса, бонустарды қалпына келтіру бойынша шағымдар қабылданбайды, жұмсалған бонустар қалпына келтірілмейді. Клуб картасы «Спортмастер Қазақстан» ЖШС-нің меншігі болып табылады. Картаның иесі Карта бойынша заңсыз әрекет жасаған немесе Клуб бағдарламасының шарттарын бұзған жағдайда, Компания, себебін түсіндірместен, клиенттің картасын және Клуб бағдарламасындағы тиісті Бонустық шотын бұғаттау құқығын өзіне қалдырады.

6.3. Сондай-ақ Sportmaster Клуб бағдарламасының қатысушылары өздерінің жеке деректерін тіркейтін, жүйелендіретін, жинақтайтын, нақтылайтын, сақтайтын, шығарып алатын, арнайы ұсыныстарды, жаңа тауарлар мен жарнамалық акциялар туралы ақпаратты тікелей жіберетін, сұраулар мен өтініштерді өңдейтін, сондай-ақ жеке деректерді жоюды жүзеге асыратын ұйымдарға беруге келіседі.

6.4. Sportmaster Сыйлық картасын сатып алған кезде, Бонустар Клуб картасының түріне сәйкес аударылады.

6.5. Сыйлық картасын сатып алу кезінде, Бонустармен төлеу мүмкін емес.

6.6. Сыйлық картасы арқылы тауарларды төлеген кезде Бонустар арқылы да төлеуге болады (4.2-тармағына сәйкес). Бонустар ақшалай төленген сатып алу сомасының бір бөлігіне түседі. Сыйлық картасымен немесе Бонустармен төленген сатып алу сомасының бөлігіне Бонустар түспейді.

6.7. Клуб картасы «Спортмастер Қазақстан» ЖШС-нің меншігі болып табылады және оның бірінші талабы бойынша иесіне тегін қайтарылуы тиіс.

6.8. Қатысушы Компанияға өз шағымдарын өзіне ыңғайлы кез келген тәсілмен жібере алады.

6.9. Бағдарлама шексіз мерзімге әрекет етеді. Барлық Клуб карталары картаның артында көрсетілген мерзімге қарамастан жарамды.

6.10. Sportmaster компаниясы келесі құқықты өзіне қалдырады:

6.10.1. sportmaster.kz сайтында Клуб бағдарламасына Қатысу ережелерінің жаңа нұсқасын жариялау арқылы біржақты тәртіпте Клуб бағдарламасына Қатысу шарттарын өзгерту;

6.10.2. Қатысушыларды алдағы жабылу туралы бір ай бұрын хабардар ете отырып, sportmaster.kz сайтында және бөлшек сауда дүкендерінде ақпаратты орналастыру арқылы бағдарламаны жабу.

6.11. Sportmaster компаниясы, Қатысушыны Sportmaster Клуб бағдарламасының қатысушысы ретінде тіркеу кезінде ақпарат алу әдісінің ерекшелігі себебінен Қатысушы ұсынған ақпараттың дұрыстығын тексермейді және оның өзектілігін бақыламайды. Дегенмен, Sportmaster компаниясы Қатысушы өзін Sportmaster Клуб бағдарламасының қатысушысы ретінде тіркету үшін қажетті дұрыс ақпаратты береді және Sportmaster дүкенінде Клуб бағдарламасының жаңа сауалнамасын толтыру арқылы бұл ақпаратты жаңартып отырады деп есептейді. Барлық

жауапкершілікті, сондай-ақ жалған немесе өзекті емес ақпаратты берудің ықтимал салдарын Sportmaster Клуб бағдарламасының Қатысушысы көтереді.